

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

продолжить обучение медицинского и педагогического персонала в вопросах воспитания и реабилитации детей в семейных группах; организовать работу по реабилитации и развитию движений в условиях учреждения, используя все имеющиеся возможности; продолжить работу по социальной адаптации детей средствами терапии в условиях Дома ребенка, развивая механизм компенсации у каждого ребенка.

Список использованных источников

1. <http://www.balalar-iii.kz/index.php/ru/pages/o-nas>
2. <http://www.balalar-iii.kz/index.php/ru/ob-usynovlenii/ob-usynovlenii>

ӘОЖ 316.74

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ТЕҢСІЗДІК: ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕСІ БОЙЫНША

Қадырбекқызы Айгерім
aygerimkadyrbek@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті Әлеуметтану
кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., д.м.а Әбетова З.Т.

Жалпы білім, оның ішінде мектеп ежелден тең қоғамға жету құралы ретінде қарастырылды. Батыс елдерінің көпшілігі саяси тұрғыдан білім берудегі теңдікке қол жеткізуге баса назар аударғанымен [1], гендерлік және әлеуметтік шығу тегі сияқты әлеуметтік категорияларға негізделген білім беру мүмкіндіктерінің теңсіздігі кең таралған әлеуметтік проблема болып қала береді. Оқу үлгеріміндегі айырмашылықтар әлеуметтік мобильділікке кедергі жасайды. Білім беру әлеуметтануында білім берудегі теңсіздік мәселесіне көп көңіл бөлініп, білім беру жүйесінің теңестіруші қызметін атқару мүмкіндігі мұқият зерттелді. Білім әлеуметтануындағы орталық мәселе – мектептердің жалпы білім беру нәтижелеріне қалай әсер ететіндігі. Бұл мәселені зерттеуде әртүрлі эмпирикалық бағдарлар бар. Мектептердің рөлі туралы кейбір зерттеулер өте маңызды, өйткені олар мектептер теңсіздікті күшейтеді деп есептейді [2][3].

Бұл мақаланың негізгі мақсаты – білім беру жүйесінің теңсіздікке әсері туралы директорлар мен мұғалімдердің пікірін білу. Талдау үшін 2023 жылдың қаңтарында жүргізілген зерттеу деректері пайдаланылды. Зерттеу барысында Астана қаласындағы 8 мектеп мұғалімінен сұхбат және 100 оқушыдан сауалнама алынды. Зерттеудің мақсаттары мен зерттеуге ерікті қатысу сипаты қатысушыларға түсіндіріліп, сұхбаттасудың алдында ақпараттандырылған келісім алынды. Құпиялылық есімдердің орнына сандарды қолдану арқылы қамтамасыз етілді (мысалы, Мұғалім 1, 2 және т.б.).

Зерттеу мақсатымен байланысты зерттеу міндеттері:

1. Әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен отбасылардан шыққан оқушылардың үлгерімі мен ынтасы туралы педагогтардың пікірін білу.
2. Елорда мектептерінің жағдайы мен олардағы білім сапасы туралы мұғалімдердің пікірін білу.
3. Білім берудегі теңдікті қолдау шараларына кедергілерді анықтау.

Мұғалімдердің айтуынша, мектепке қабылданғанда әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен отбасылардан шыққан оқушылар басқа оқушылармен салыстырғанда төменірек дайындық деңгейімен келеді. Ал олардың бұл айырмашылықты азайтуы үшін мектеп тарапынан көмек көрсетілмейді, себебі инклюзивті білім беру саясатында мұндай оқушы түрі ескерілмейді. Сондай-ақ, бұл орта білім берудегі теңсіздіктің мектепке дейінгі білім беру деңгейінен бастау алатындығын көрсетеді.

Мұғалім 1: «Өзім сабақта әр балаға жеке подход табуды көздеп отырамын, әсіресе әлеуметтік осал топтан шыққан балалар келгенде үнемі үнсіз басылып отырады. Ол балаларды кішкене қолдап кетсек, ешқандай кемшіліктеріне қарамай, олардың білімі де жақсаратын еді. Инклюзивті білім беру саясатына сәйкес, тьюторлар мен ассистенттер мүмкіндігі шектеулі мүгедек балаларға сопровождение жасайды. Бірақ менің ойымша, әр бала өзінше инклюзивті, көмекке мұқтаж»

Мұғалімдер әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен оқушылардың ата-анасы балаларының білім алуын қадағаламайтындықтан оқу үлгерімі нашар болатынын айтады. Дегенмен, нашар оқу үлгерімі көбінесе сабаққа келмеудің салдары болып табылады және мұғалімдер оқушылардың оқуға деген ынтасы мен қабілеті бар деген пікірде.

Мұғалім 2: «Иә, әлеуметтік осал топ деп айтамыз ғой, ондай отбасыдан шыққан балалардың оқу үлгерімі төмен болады. Ондай жағдайларды кездестірдім. Себебі әкешелері екі-үш жерде жұмыс істейді де, балалары қараусыз қалады.»

Оқушылардан алынған сауалнама нәтижесі оқушылардың оқуға деген ынтасының (1-кесте) болуын дәлелдейді. Сауалнамаға қатысқан 100 респонденттің 76-сы жоғары білім алғысы келетінін айтты. Ал қалған 16-сы материалдық жағдайына байланысты оқуын жалғастыра алмауы мүмкін болса да, жоғарғы оқу орнына түскісі келетінін көрсеткен.

Болашақта жоғарғы оқу орнына түскіңіз келеді ме?	
Иә, бұл менің басты приоритетім	76
Мүмкін, жағдай мүмкіндік берсе, оқуды жалғастырамын	16
Жоқ, отбасымның жеке ісін жүргіземін	4
Жоқ, тезірек жұмысқа орналасып, отбасыма қаржылай көмек көрсетемін	4

1-кесте. Елордалық оқушылардың университетке түсуге деген ұмтылысы

Мұғалімдердің айтуынша, елордадағы білім саласындағы теңсіздіктің бірден-бір көрінісі – элиталық және автономиялық мектептердің көптігі. Себебі, мемлекеттік және жеке сектордағы мектептер арасында қаржыландырудың тең бөлінбеуі мемлекеттік мектептердің инклюзивті білім беру мамандарын жалдауға қаржылық мүмкіндіктерінің жоқтығынан көрінеді. Сонымен қатар, білім беруде қаржылық ресурстардан бөлек, білікті кадрлық ресурстардың тапшылығы байқалады.

Мұғалім 3: *Мектептер арасындағы теңсіздіктің ең үлкені мемлекеттік мектеп пен элитарлы НИШ мектептері. Осы мектептерге теңдей қарамау, теңдей бюджет бөлінбеу себебінен.»*

Мұғалім 1: «Мысалы тьюторларды жалдау үшін мемлекеттік мектептерде қаржыландыру аз, сондай-ақ ондай кәсіби біліктілігі бар кадрларды табу қиын, себебі тьютор, ассистенттерді дайындайтын курстар мен центрлар жоқ. Және инклюзивті балалармен жұмыс жасауы керек тьюторлар мектепте «барып-кел, шауып-кел» жұмыстар жасайды. Дегенмен, олардың да мектепте рөлі, лауазымдық міндеттері болу керек.»

Елордалық мектептердегі тағы бір маңызды мәселе - мемлекеттік және жеке сектор арасындағы сегрегацияның күшеюі. Мұғалімдердің айтуынша, жекеменшік мектепте ауқатты отбасының балалары шоғырланған. Мектептердің әлеуметтік стратификациясы әлеуметтік бірлікке қауіп төндіруі мүмкін, себебі балалар әлеуметтік немесе этникалық әртүрлілікке үйренбейді.

Мұғалім 5: «Жеке меншік мектеп болғандықтан, оқушылар бірдей, барлығының жағдайы бар. Әр түрлі әлеуметтік құрамы бар сыныппен жұмыс істемеймін.»

Мұғалімдердің айтуынша, қазіргі ұстаздар өз пәндерін жетік меңгергенімен, зерттеушілік қабілеттері дамымаған. Ал зерттеушілік дағдылар білім берудегі теңсіздікпен күресудің негізгі құралы болып табылады, өйткені мұғалімдер оқушылар ортасындағы проблемаларды анықтай отырып, өз әдістемесін жасай білуі керек.

Мұғалім 4: «Әзірге Қазақстанның білім беру саласын бәсекеге қабілетті деп айта алмаймын. Көптеген жаңа өзгерістер еңгізіліп жатыр. Өзгерістің нәтижесін тез арада көру мүмкін емес. Себебі, мұғалімдер әлі ұйымдардың белгілеген анықтамаларына тәуелді, өзі оқу жоспарына өзгеріс еңгізетіндей біліктілігі жоқ»

Сонымен, қорытындылай келе, зерттеу нәтижесінде біз елордалық мектептердегі білім берудегі теңсіздікке әсер ететін бірнеше факторларды анықтадық. Елорда жастары әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан білімге басымдық береді, бұл білім берудегі теңдікке қол жеткізудің оң факторы болып табылады. Әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен оқушылардың оқу үлгерімдері ата-ананың қадағалауының жоқтығынан төмендейтінін білдік. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, мектепке дейінгі білім беру деңгейі орта білім берудегі теңсіздікке әсер етеді. Елордада селективті білім беру ұйымдарының болуы да теңсіздікке әсер етуші факторлардың бірі. Білім берудегі мұндай теңсіздікті болдырмау үшін шетелдік тәжірибені қолдануға болады. Жеке меншік мектептерді қаржыландыратын көптеген елдер олардың ата-аналардан оқу ақысын алу мүмкіндігіне шектеу қояды [4]. Мысалы, Швецияда мемлекет қаржыландыратын жекеменшік мектептерде оқу ақысына толығымен тыйым салынады, ал Дания сияқты елдерде мемлекеттік қаржыландыру үлесі аз жекеменшік мектептер бар. Нормативтік-құқықтық базаның орындалуын бақылау да маңызды. Мысалы, Чилиде мемлекет қаржыландыратын жеке меншік мектептерді мемлекеттік білім беру басқармалары бақылайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. ОЭСР. Взгляд на образование 2019: показатель ОЭСР. – 2019.
2. Бурдые П., Пассерон Ж.К. Репродукция в образовании, обществе и культуре. – Sage, 1990. – Т. 4.
3. Боулз С., Гинтис Х. Школьное образование в капиталистической Америке: реформа образования и противоречия экономической жизни.– Naumarket Books, 2011.
4. ОЭСР. Финансирование школьного образования: объединение ресурсов и обучения. – Париж, 2017.

ӘОЖ 316.346.2-055.2(574)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТӘЖІК ӘЙЕЛДІРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ПОРТРЕТІ

Камилова Айгерим Калдыбековна

(E-mail: kamilova_aigerim@mail.ru)

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Отар Э. С.

Аңдатпа: Қазақстан полиэтникалық мемлекет болып табылғандықтан еліміздің тұтастығын сақтау – қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Қазақстандағы этникалық топтарды зерттеу бірнеше аспектіде маңызды: біріншіден, Қазақстан әр алуан этностарға бай, олардың әрқайсысының өзіндік бірегей мәдениеті, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары бар. Өзге этностардың мәдени және әлеуметтік ерекшеліктерін білу әртүрлі ұлт өкілдері арасындағы өзара түсіністік пен сыйластыққа ықпал етеді. Этникалық топтарды зерттеу әлеуметтік интеграцияға жағдай жасауға көмектеседі және ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етеді. Екіншіден, Қазақстанда бір аумақта бірге тұратын халықтар көп. Этникалық топтарды зерттеу қоғамның ұлттық құрылымын жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді және көпмәдениетті диалогтың дамуына ықпал етеді. Бұл өз кезегінде еліміздің саяси тұрақтылығын нығайтады. Үшіншіден, әрбір этностың өз салт-дәстүрі мен ерекше қолөнері бар, бірнеше ұрпақ айналысатын шаруашылықтары бар. Этникалық топтар мен олардың мәдени ерекшеліктерін зерттеу шаруашылық пен қолөнерді дамытуға көмектеседі, бұл өз кезегінде сан түрлі этностар мекендеген